

ТҮСІНІК ХАТ

«Қазақ тілі » пәнінен 6-7-9 -сыныбына арналған күнтізбелік- тақырыптық жоспар жаңартылған білім мазмұны бойынша Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 20 қыркүйектегі №469 бұйрығына 72-қосымшадағы «Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған 5-10 сыныптары үшін «Оқу және тіл дамыту» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша құрылды.

Оқу пәнінің мақсаты— оқушылардың тілдік базасын кеңейту, сөйлеу тілінің дамуындағы кемістіктердің орнын толтыру; грамматикалық және орфографиялық материалдарды практикалық түрде меңгеру; сөйлеу тілін қарым-қатынас құралы ретінде, танымдық әрекетті түзету және мектептен кейін бейімделуін жеңілдету әдісі ретінде қалыптастыру.

Негізгі оқыту міндеттері:

- 1) грамматика бойынша толыққанды білім жүйесін беру;
- 2) оқушылардың танымдық әрекетіндегі кемістіктерінің орнын толтыруға ықпал ету, жағымды эмоционалды-еріктік және тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру;
- 3) оқушылардың сөйлеу тілін дамыту;
- 4) сөздік қорын байыту және қолданатын грамматикалық құралдар аясын кеңейту;
- 5) сөз байлығын дамыту, жетілдіру;
- 6) сұрақтарға жауап беріп, диалог жүргізу;
- 7) ауызша және жазбаша байланыстырып сөйлеу тілін қолдануға үйрету;
- 8) оқушылардың деңгейіне сәйкес мәтінді дұрыс және саналы оқуға үйрету;
- 9) тілдің дыбыстық құрамы, грамматика бойынша қарапайым мәліметтер емле ережелері негізінде сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру;
- 10) өз ойларын ауызша және жазбаша түрде дұрыс және бірізді жеткізуге үйрету;
- 11) сабақтарға қызығушылығын арттыру, құрдастармен және ересектермен өзара әрекеттесуге үйрету.

Оқу процесін ұйымдастыруға арналған педагогикалық тәсілдердің іске асырылуы жеңіл оқушылардың арнайы оқу қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы білім беру принциптеріне негізделген:

- 1) оқушылардың даму ерекшеліктері мен дайындық деңгейіне білім беру жүйесінің бейімділігі принципі;
- 2) оқушыларды оқытудың түзету-дамытушылық бағыты, оның ерекше білімдік қажеттіліктері ескеріле отырып, оқу ісінің арнайы тәсілдері және әдістері арқылы жүзеге асырылады;
- 3) оқытудың әлеуметтік-бейімдеу бағытты тұлғаның бейімделмеушілігін жеңу немесе азайтуды білдіреді; оқушылардың әлеуметтік өмірге қатысулары үшін қажетті тәртіп пен өмірлік нормаларының меңгерілуі бойынша арнайы жұмыстар қарастырылады.

«Қазақ тілі» оқу пәнінің мазмұны:

- 1)бағдарлама концентрлік жүйе бойынша құрастырылған, яғни өткен тақырыптар қайталанып, тереңдетіліп кеңейтіліп оқушылардың білімі жүйеленіп отырады;
- 2)оқушылардың өзіне тән қабілеттері мен мүмкіндіктеріне қарай оқу материалдарын оқушының қабылдау деңгейіне байланысты жеңілдетіп беруге болады;
- 3)оқушылардың мүмкіндіктері мен ерекше оқыту қажеттілігіне байланысты тақырыпты меңгеруге қажет сағат санын анықталып, жоспарланды.

6 – сынып аптасына- 3 сағат, оқу жылында – 102сағат.

7 – сынып аптасына- 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат.

9 – сынып аптасына- 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат.